

образования им. И. Алтынсарина (г. Нур-Султан), памятник И. Алтынсарину в г. Костанай, мемориально-педагогический музей имени И. Алтынсарина в п. Тургай, социально-гуманитарный колледж им. И. Алтынсарина в г. Рудном, школа им. И. Алтынсарина в г. Оренбурге и др. Каждая метка содержит фотоматериалы и текстовую информацию об истории объекта. Работа в данном направлении продолжается.

Ибрая Алтынсарина многое связывает с Оренбургом, с 1850 по 1857 годы он учился в школе-интернате при Оренбургской пограничной комиссии, там есть основная общеобразовательная школа №3 (в 1860 г. – школа для киргизско-казахских детей), которая носит его имя. Поэтому для стимулирования познавательной деятельности подрастающего поколения, пропаганды жизни и творчества великого просветителя совместно с Оренбургской областной полиэтнической детской библиотекой была организована интеллектуальная онлайн-игра «Мы знаем Ибрая Алтынсарина».

Помимо этого библиотеки Костанайской области, сохраняя и продвигая духовное наследие нашего великого земляка, в течение года провели 184 мероприятия в онлайн и в офлайн режимах. Среди них были и традиционные литературные вечера, круглые столы, гостиные, устные журналы, видеопросмотры с последующим обсуждением, и такие необычные формы, как лонгрид-портрет, информ-дайджест, литературный витраж.

Так, Костанайская районная библиотека организовала онлайн-библиомост с Областной библиотекой им. Н. К. Крупской (г. Оренбург) «Ибрая Алтынсарин – гордость Костанайской земли». А поскольку на территории района находится мавзолей И. Алтынсарина, то библиотекари провели ещё и экскурсию для своих читателей к этому памятному месту «Визитная карточка Костанайского района». Аркалыкская ЦБС выпустила библиографическое пособие «Ыбырай Алтынсарин – мәдени мұрасы», провела семинар «Ыбырай Алтынсариннің қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің дамуындағы орны» и интеллектуальную игру «Алтынсарин мұрасы». В Алтынсаринской ЦБС организовали конкурс чтецов «Ибраевские чтения», выпустили памятку «Сверкает солнца пламенный венец». «Алтынсаринские чтения» прошли в Фёдоровском районе, Карабалыкском районе, Денисовском районе. Кроме того Силантьевская сельская библиотека организовала краеведческую экскурсию – посещение места рождения И. Алтынсарина «Место рождения Великого Ибрая». Библиотекари Фёдоровского района провели экскурсию в мемориальный музей и мавзолей Ибрая Алтынсарина, Для того чтобы незрячие граждане могли читать произведения И. Алтынсарина на шрифт Брайля переведены его стихи и рассказы.

Современные библиотеки Костанайской области, выполняя заветы И. Алтынсарина, стремятся привлечь население (и прежде всего молодёжь) к чтению, самообразованию и саморазвитию, продвигают ценности демократического гражданского общества, содействуют развитию образования, науки, культуры. Ведь без этого невозможна модернизация общественного сознания и формирование успешной конкурентоспособной личности, развитие и процветание нашей Родины – независимого Казахстана.

### Список литературы

1. **Алтынсарин, И.** Собрание сочинений [Текст]: В трех томах / И. Алтынсарин. – Том 1. – Алма-Ата : Ғылым, 1978. – 297 с.
2. **Ситдыков, А. С.** Педагогические идеи и просветительская деятельность И. Алтынсарина [Текст] / А. С. Ситдыков. – Алма-Ата: Мектеп, 1968. – 148 с.
3. **Сатпаева, Ш. К.** Собрание сочинений [Текст]: Том III: Веяние времени. Статьи / Ш. К. Сатпаева. – Астана : Елорда, 2012. – 408 с.

УДК 371.2

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫН VARK СТИЛІ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

**Ермаганбетова А. Ж.** – Қостанай облысы әкімдігі білім бөлімі «Қостанай қаласындағы № 17 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқытуда қолданылатын жаңаша оқу стилі VARK моделі негізінде оқыту қарастырылған. Шетелдік ғалымдардың зерттеулері негізінде көркем шығарманы оқытудың тиімді тәсілі ұсынылды. VARK стилі негізінде оқыту оқушылардың қабілеттері мен қызығушылығына бағытталады.

Түйінді сөздер: Ыбырай Алтынсарин, көркем шығарма, VARK стилі, психология.

Қазақ әдебиеті – сан жылдар бойғы бай тарихы бар, күллі ғалам әдебиетінде өзіндік ерекшелігі бар құнды әдебиет. Өлемдік әдебиетке қосар үлесін көрсете отырып, мектеп бағдарламасында бұл пән оқушылардың танымдық, шығармашалық әлеуеті мен мәдениетін, білімін дамытады. Орта мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда мәтіндердің мәнін түсіну, көркем шығарманың мазмұнын, шығарманың стилін, идеяларын және жанрын, табиғатын тану, көркем шығармаға жаңаша көзқараспен баға беру, талдау жасау, сыни ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аударылады.

Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты – оқушыларды сыни ойлауға жетелеу, өз пікірлерін дәлелдей отырып, ауызша және жазбаша ойларын еркін жеткізуіне бағдар беру, функционалды сауатты, мәтінмен жұмыс жасай алу дағдыларын жетілдіру, дәлелдеу, салыстыру және бағалау, талдау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Қазақ әдебиеті пәні алынған білім деңгейі негізінде шығармашылық ойлау қабілеті дамыған, көркем шығарма түсініп оқитын, өз ойын еркін жеткізе алатын, проблемалық сұрақтарды шеше білетін, оқыған шығармадағы түйген ойын өз өмірінде жаңаша қоғамдық көзқараспен көре алатын ұрпақ тәрбиелейді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніндегі шығармалар мен мәтіндер қалың оқырманды рухани байытумен қатар, берілген танымдық мәтіндер тыңдалып, оқылым, айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға құрылған.

Ыбырай Алтынсариннің орта мектеп бағдарламасында «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Арудан аяған күштірек» атты әңгімелері, «Өзен» өлеңі 6-сыныптың қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы негізінде оқытылады. Жазушы өз шығармаларында өскелең ұрпақты мейірімділік пен әдептілікке, еңбексүйгіштікке, оқуға, білімге, адамгершілікке тәрбиелейтін өнегелі тәрбие беру көздері.

Жалпы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда көркем шығарма мен шығарма үзінділерін оқытуда әдіс - тәсілдерді пайдалану тиімді болып саналады. Бір жағынан уақыт үнемделсе, екінші жағынан берілетін кең көлемді мәтін мазмұнын сақтай отырып, аз уақыт аралығында оқушылар бойына сіңдіру болып табылады. Осы орайда өлемдік білім саласы қолданып келе жатқан модельдер, техникалар мен технологиялар қажеттілігі байқалады. Бүгінгі күнгі сабақтың талаптарына сәйкес мұғалім белсенділігіне қарағанда, оқушы белсенділігі маңызды. Себебі, қытай даналығы: «Маған айтсаң ұмытып қаламын, көрсетсең есте сақтаймын, егер өзіме жасауға мүмкіндік берсең мәңгі есімде қалады» деген болатын. Соның бірі өз тәжірибемде қолданып жүрген VARK моделі.



VARK аббревиатурасы ақпаратты үйрену үшін қолданылатын визуалды, есту, оқу/жазу және кинестетикалық сенсорлық әдістерді білдіреді. Флеминг пен Миллс (1992) студенттер мен мұғалімдердің тәжірибесін көрсететін төрт әдісті ұсынды. Олардың арасында біршама сәйкессіздіктер болса да, олар келесідей анықталады. Бұл деп отырғанымыз, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мен психологияны ұштастыра отырып, оқушылардың дағдылары мен икемділігіне қарай аудиалдар, визуалдар, дигиталдар, кинестеиалдар деп бөле отырып, соған сай тапсырма құрастырылады.

**VISUAL** – артықшылыққа адамдар сөзбен берілуі мүмкін нәрсені бейнелеу үшін пайдаланатын карталарда, құрылған диаграммаларда, графиктерде, ағындық диаграммаларда, таңбаланған диаграммаларда және барлық символдық иерархияларда және басқа құрылғыларда ақпаратты бейнелеу кіреді. Бұл режимді Graphic (G) деп атауға болар еді, себебі ол не қамтитынын графикалық органайзерлер түрінде жақсы түсіндіреді. Ол дизайнды, бос кеңістікті, өрнектерді, пішіндерді және ақпаратты бөлектеу мен беру үшін қолданылатын әр түрлі форматтарды қамтиды. Ақ тақта визуалды қалауы бар адамдар үшін пайдалы болатын әр түрлі заттардың арасындағы байланыс үшін мағыналы белгілермен диаграмма салу үшін қолданылады.

**AUDITORY** – қабылдау режимі «естілетін немесе айтылатын» артықшылықтарды сипаттайды. Негізгі таңдауы бар оқушылар бұл дәрістерден, топтық талқылаудан, радио, электрондық пошта, ұялы телефондарды пайдалану, сөйлеу, веб-чат және нәрселер арқылы сөйлесуден жақсы үйренетінін хабарлайды. Электрондық пошта осында қосылған, себебі; ол мәтін болып табылады және оқу/жазу санатына қосылуы мүмкін (төменде), ол көбінесе қысқартулармен, ауызекі терминдермен, жаргонмен және бейресми тілмен чат стилінде жазылады. Есту қабілетінің артықшылығы дауысты сөйлеуді және өзімен сөйлесуді қамтиды. Көбінесе мұндай қалауы бар адамдар өз ойларын реттеп, сосын сөйлеудің орнына, алдымен сөйлеу арқылы мәселені шешкісі келеді. Олар бұрын айтылған нәрсені қайтадан айта алады немесе бұрыннан жауап берілген сұрақты қоя алады. Олар мұны өздері айтуы керек және олар өз жолымен айту арқылы үйренеді.

**READING\ WRITING** – сөз түрінде көрсетілетін ақпаратқа арналған. Көптеген мұғалімдер мен оқушылардың бұл режимді таңдауы таңқаларлық емес. Жақсы жаза білу және көп оқу-түлектердің жұмыс берушілері іздейтін қасиеттер. Бұл артықшылық мәтінге негізделген енгізу мен шығуды баса көрсетеді – оқу мен жазудың барлық түрінде, әсіресе нұсқаулықтарда, есептерде, эсселер мен тапсырмаларда кездеседі. Бұл әдісті ұнататын адамдар көбінесе Power Point-ке, Интернетке,

тізімдерге, күнделіктерге, сөздіктерге, цитаталар мен сөздерге тәуелді болады.

**KINESTHETIC** – анықтама бойынша, бұл әдіс «тәжірибе мен практиканы қолдануға байланысты (имитациялық немесе нақты) қабылдауға байланысты артықшылықты білдіреді. Мұндай тәжірибе басқа да әдістерді талап етуі мүмкін болса да, бұл әдіске дағдылы адамдар «нақты жеке тәжірибе, мысалдар, тәжірибе немесе имитация арқылы» шындыққа қосылады. Оған демонстрациялар, модельдеу, «нақты» нәрселердің бейнелері мен фильмдері, сондай-ақ кейс – стади, практика мен қосымшалар кіреді. Адамдар бір нәрсені жасау тәжірибесінен үйренеді және өз тәжірибесін сараптай отырып, басқалардың тәжірибесін бағалайды. Егер тақырып шындыққа негізделген болса, кинестетикалық түрде жазуға немесе сөйлеуге болады. Кімнің не және қашан істейтіні туралы егжей – тегжейлі мәліметтерді талап ететін тапсырма, бұл таңдауға ие адамдарға сәйкес келеді, мысалы, кейс-стади немесе ойластырылған немесе ұсынылған жұмыстарды жатқызуға болады.

Флеминг үлгісінде визуалды оқытуға (суреттерге, фильмдерге, диаграммаларға), аудиалдар (музыка, пікірталас, лекциялар), оқуға және жазуға (тізім жасауға, оқулықтарды оқып, ескертулерді қабылдау), кинестетикалық оқыту (тәжірибе, іс-әрекеттер мен қозғалыс) сынды дағдыларға бағдарланған тапсырмалар үлгісі қолданылады. Бір сыныпта отырған оқушылардың барлығы дерлік визуалдар не аудиалдар болуы мүмкін емес, сол себепті оқушыларды топқа бөліп тапсырма әзірлегенде қиындық тумасы үшін респонденттерге оқуға деген қолайлы тәсілмен сәйкес келетін жауаптарды таңдауға кеңес беріледі, дегенмен, тапсырмалар легін сәйкесінше ауысырып отыру көзделеді.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларын VARK моделі негізінде оқытуда төмендегідей тапсырмалар топтамасын ұсынуға болады:

*Визуалдар қатарындағы оқушыларға* Ыбырай Алтынсарин шығармалары бойынша сызбаны толтыру, кейіпкерлерді тану, шығармалары негізінде салынған сурет материалы негізінде тақырыпты болжау және шығарманы өз ойымен жалғастыру сынды тапсырмалар беруге болады. Себебі визуалдар көзбен жақсы қабылдайтын және ұзақ мерзімді жадыны сақтай алатындар. Бұл қатарға төмендегі әдіс тәсілдерді жатқызуға болады: «Т» кестесі, «ББҮ», «Лонгрид» әдісі және т.б. Жалпы аудиалдар мен визуалдар есте сақтау қабілеттері жақсы. Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқытуда «Кейіпкер бейнесі» әдісі өте тиімді.

*Аудиалдар қатарындағы оқушыларға* тыңдалым дағдылары негізінде шығармадан үзінді тыңдата отырып тапсырмалар беру немесе әңгімелерді рөлге бөліп оқу ұсынылады. Сондай-ақ талқылау, пікірсайыс бойынша шығармадағы кейіпкерлерің іс-әрекетіне баға беру, келісу, келіспеу бойынша шешім қабылдауға, өз көзқарастарын білдіру, тіпті ұйқас негізінде өлең құрастыру тапсырмалары беріледі. Мысалы, Ыбырай Алтынсарин өлеңдері негізінде «Рифмус» әдісі берілген өлең ұйқастары негізінде өз жанынан өлең құрастыру тапсырмалары өте тиімді болып саналады.

*Логикаға дигиталдар қатарындағы оқушылар* нағыз стратег, дәлелмен ғана сөйлейтін адамдар тобы. Көрнекі ресурстармен қоса, кітап материалдары, қосымша БАҚ материалдары, конспект жасау, түртіп алу, презентация жасау, ақпарат жинау, хронологиялық кесте жасау, архив мәліметтерін жинау тапсырмаларын беруге болады. Сонымен қатар, бұл топтағы оқушыларға тәжірибелік (эксперименттік) тапсырма беру өте тиімді бола алады. Бұл дегеніміз, Ыбырай Алтынсарин шығармаларын талдай отырып, өз жанынан әңгіме құрастыру тапсырмасы оқушының ойы мен қиялын, шығармашылығын қалыптастыратыны айқын. Дәл осы қабілетті оқушыларға Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін оқытуда «Тергеуші тақтасы» әдісін қолдану өте тиімді болып табылады. Себебі, кейіпкерлерді жинақтау, оларды не байланыстырады, «не үшін?», «Не себепті?» сұрақтарына жауап бере отырып тергеу процесін жүзеге асырады. Нәтижесінде, әңгімені бүгінгі қоғамға ала келе отырып, салыстырмалы талдау жасап жаңаша көзқараспен баға береді.

*Кинестеттер қозғалысқа бағытталған оқушылар* тобы. Бұл дегеніміз, Ыбырай Алтынсарин әңгімелері не үзінділері негізінде сахналық қойылым немесе шығарма желісі бойынша көрініс көрсетуге, рөлдік ойынға бағытталады. Бұл тапсырманы әрі қарай түрлендіріп, видео материал әзірлеп cinema project түрінде ұсынуға болады. Уақыт тығыздығына байланысты кей жағдайда өзіңізге ұнаған кейіпкерді немесе детальді заттарын шөптен, қағаздан немесе басқа да материалдардан жасау тапсырмасын беруге болады.

Әрине, бұның барлығы оқушыдан ерік – жігерді, күшті, білімді қажет етеді, дегенмен, осы сабаққа мұғалім бағыттаушы қызметін атқарса да, сабақты жоспарлау бойынша мұғалімге қойылатын талап та, уақыт та, күш те, тіпті заттық детальдардың, сабақтың ресурстарын даярлау шеберлікті қажет етеді.

Қазақ әдебиеті сабағы психологиямен тікелей байланысты екені белгілі. Жоғарыдағы біз топтастырып көрсеткен модель арқылы оқыту әрбір оқушыға жеке жұмыс жасаумен қатар, топқа жұмылдыру, өтіліп отырған тақырыпқа қызықтыра отырып, берілуі тиіс білімнің көлемін бала жасына сай лайықтай отырып мүмкіндіктерін бағалау. Жалпы бала психологиясында барлық оқушы бірдей гуманитарлық бағытта жүріп, әдебиетті ғана сүйіп оқуы мүмкін емес. Біздің алдымызда тұрған меже қызықтыра оқытып білім беру, мектеп бағдарламасындағы әрбір тақырыпқа терең бойлап сабақты қызықты да ақпаратқа толы етіп өткізу қажеттілігі айқындалады. Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқытуда қандай әдіс- тәсілді қолдансақ та оқуға тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор шығармалар.

Нәтижесінде, оқу мақсатына сәйкес тапсырмаларды орындай отырып, оқушылар әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтай отырып, оны өзіндік көзқарасы білімі арқылы тәрбиелік маңызын түсінуге үйренеді. Көркем шығармадағы кейіпкерлер іс-әрекеті мен портреті, образын өмірмен байланыстыра отырып аша алады. Осылайша, әр сабақта көркем шығарма оқуға, әдебиетке, кітапқа, поэзия оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылатын түрлі жұмыстардың жеке тұлғаны рухани дамытып, мәдениетін жетілдіруге, сөздік қорын молайтып, сауатты сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыруға ықпалы зор.

Мектеп қабырғасында көркем шығармадан білім алған бала құндылықты бағалай білетін, білім мен тәрбиенің, еңбектің қадірін ерте түсінетін, қасиет пен құрметтің мәнін ұғынатын азамат болып қалыптасады деп ойлаймын. Мектеп бағдарламасында берілген Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері тәрбиелік мәні зор құнды дүние, өнеге мен өсиеттің сарқылмас бұлағы. Оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – сіз бен біздің ортақ межеміз. Ендеше, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әлемдік техникалар мен технологияларды, инновациялық әдістерді көптеп қолдана отырып, бала санасын Ыбырай Алтынсарин шығармаларымен сусындатайық.

### Әдебиеттер тізімі

1. **Ы.Алтынсарин шығармалар жинағы.** Алматы, 1989 ж.
2. **Электрондық ресурс** <https://kk.reoveme.com/vark-learning-styles-%D0%B4%D1%96-%D1%88%D0%BE%D0%BB%D1%83/>
3. **Электрондық ресурс** <https://vark-learn.com/introduction-to-vark/the-vark-modalities/>

ӘОЖ 37.01

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

*Есепбай Ж. – педагогика ғылымдарының магистрі, ғылыми қызметкер, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Мақалада ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық іс-әрекеттері мен көзқарастары, педагогикалық ойлары мен оның әңгімелерінің ұрпақ тәрбиесінде алатын орны туралы сөз болады.*

*Түйінді сөздер: ағартушы, педагогикалық ойлар, шығармалар, көзқарас, мектеп ашу, тұлға, тәрбие, адамгершілік қасиеттер, тәрбиелеу.*

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының тағдырына, болашағына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог.

Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзіреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Олай болса, тарихта өзіндік орны бар, алғашқы қазақ мектебінің негізін қалаушы, тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсариннің ұрпақ тәрбиесі туралы педагогикалық мұраларының бүгінгі таңда өзектілігі жоғары.

Ыбырай Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан байқалды. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған арнап оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер шығаруға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, өз шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Ы.Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді.

Ыбырай Алтынсариннің көзқарастарынан бүкіл әлемдік тәлім-тәрбиенің алатын діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз. Ол өзінің екі кластық мектептердің меңгерушісіне жазған нұсқау хатында: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауы тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...», – деген еді [1, 25].

Ы.Алтынсарин қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісіне ең басты мәселе деп қарады. «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға